



АЛАТАУ арайы



Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau_araiy@mail.ru
www.alatauaraiy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№22 (471) // 26 ақпан // бейсенбі // 2026 жыл



ӘДІЛЕТТІЛІК – ТҰРАҚТЫ МЕМЛЕКЕТ НЕГІЗІ



ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КОАЛИЦИЯ

“ӘДІЛЕТТІ ЖӘНЕ ПРОГРЕССИВТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІНІ!”



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Іле, Талғар аудандарына барып, Конституциялық реформа аясында «Әділетті заң – тұрақты мемлекет негізі» тақырыбында кездесу өткізді. Алғашқы кезекте Байсерке ауылындағы «Даму» индустриялық-логистикалық орталығының еңбек ұжымымен жүздесті.

Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ —

Облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, кездесу барысында заң үстемдігі, әділетті қоғам қалыптастыру және азаматтардың құқықтарын қорғау мәселелері кеңінен талқыланды. Облыс әкімі өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған «Заң мен тәртіп» қағидаты еліміздің тұрақты дамуының негізгі бағыты екенін атап өтті.

Әкім әділетті заң үстемдік құрған жерде кәсіпкерлік еркін дамып, инвестициялық ахуал жақсарып,

қоғамда сенім мен тұрақтылық нығайтынын жеткізді.

«Даму» индустриялық-логистикалық орталығы – Орталық Азия өңіріндегі бірегей жоба, еліміздегі алғашқы жеке индустриялық-логистикалық аймақтардың бірі. Бүгінде орталықта 300-ге жуық қызметкер еңбек етеді. Кездесу барысында кәсіпорын қызметкерлерінің ұсыныс-пікірлері тыңдалып, өзекті сұрақтарына жауап берілді. Сонымен қатар биыл 15 наурызда өтетін жалпыхалықтық референдумның маңызы атап өтілді. Облыс басшысы әрбір азаматтың

дауысы ел болашағы үшін маңызды екенін айтып, тұрғындарды белсенді азаматтық ұстаным танытуға шақырды.

Кездесу ашық диалог форматында өтіп, заң үстемдігін нығайту және демократиялық құндылықтарды дамыту мәселелері бойынша пікір алмасуға ұласты.

Одан әрі облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Талғар ауданының жетекші кәсіпорындарының бірі – «Glasman» тігін фабрикасына барып, еңбек ұжымымен кездесті. Ондағы мақсат – 15 наурызда өтетін ҚР Конституциясын қабылдау жөніндегі референдум қарсаңында жаңа Ата Заңды жан-жақты талқылау, оның халық үшін маңызын кеңінен түсіндіру, сондай-ақ жұмысшыларды қабылданатын шешімдердің маңыздылығы туралы тікелей хабардар ету.

(Соңы 2-бетте) ➔

ӘЛЕУМЕТ

Астанада ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі алқасының кеңейтілген отырысы өтті.

Еңбекті қолдау – азаматтарды қорғау

Алма ЕСЕНБАЙ

Жиынға ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Аскарбек Ертаев, Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің төрағасы Мейрамбек Ахметов, сондай-ақ Парламент депутаттары, орталық және жергілікті атқарушы органдардың, Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің аумақтық департаменттерінің, ведомстволық бағынысты құрылымдардың басшылары қатысты.

Алқа мәжілісінде еңбек заңбұзушылықтарының алдын алу, еңбек қатынастарының толық ашықтығын қамтамасыз ету, жалақы бойынша берешекті қысқарту және мемлекеттік бақылаудың цифрлық моделіне көшу мәселелері қаралды.

Панельдік сессия барысында Алматы облысы бойынша мемлекеттік еңбек инспекциясы департаментінің басшысы Айгүл Ахметова баяндама жасады. Ол өз сөзінде өткен жылы департамент аймақтағы процестерді жүйелі басқаруды қамтамасыз еткенін атап өтті. Осы ретте азаматтардың 1383 өтініші белгіленген тәртіппен қаралып, 165 жоспардан тыс тексеру жүргізілген, 131 заңбұзушылық анықталып, 95 ұйғарым берілген, 15,6 млн теңге сомасындағы 90 әкімшілік айыппұл салынып, толық өндірілген. Қабылданған шешімдердің арқасында өндірістік жарақаттану 28%-ға, өлім-жітім 22%-ға төмендеген.

Бұл – тәуекелі жоғары кәсіпорындармен жұмыстың, жоспардан тыс тексерулер жүргізудің, үшжақты комиссиялардың көшпелі отырыстарының және қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды күшейтудің нәтижесі. Әлде де болса кәсіпорындардың 17%-ы міндетті сақтандыру жүйесінен тыс қалып отыр. Осыған орай биыл қамтуды 100%-ға дейін жеткізу міндеті қойылды. Жалақы бойынша берешек мәселесі жеке бақылауға алынды. Бүгінгі таңда облыста жалақы бойынша берешек 33%-ға, демек 226 млн теңгеден 150,9 млн теңгеге дейін төмендеді. Проблемалық кәсіпорындар бойынша да жағдай күнделікті бақылауда. Департаменттің ұстанымы – төлемдердің кешіктірілуіне жол бермеу және заңда көзделген барлық ықпал ету құралдарын пайдалану, – деді өз сөзінде Айгүл Матаңқызы.

Баяндамашы кәсіпорындардың цифрлық картасына 26 610 ұйым енгізіліп, тәуекелі жоғары кәсіпорындар саны 32%-ға азайғанын жеткізді. Аймақтағы қызметкерлердің 90%-ының электрондық еңбек шарттары бар.

Департамент басшысы қадағалаудың алдын алу моделіне көшудің басымдылығына да тоқталды. Бұған шағымдарды жауап берудің реактивті моделінен бұзушылықтардың алдын алу жүйесіне түпкілікті көшу, тәуекелділігі жоғары кәсіпорындарда ресурстарды шоғырландыруға баса назар аудару, еңбек қатынастарының цифрлық мониторингін жүргізу, жұмыс берушілердің дербес жауапкершілігін күшейту, нұсқамалардың орындалуын қатаң бақылау жатады.

Осылайша, Алматы облысы еңбеккерлердің құқықтарын қорғауда тәртіп пен нәтижелілік бағытында жұмыс атқарып, бақылауды күшейтуде. Жынға қатысушылар да аймақтағы тәжірибенің тиімділігіне көз жеткізіп, мемлекеттік еңбек инспекциясының өңірлік органдары еңбек саласындағы әлеуметтік тұрақтылық пен заңдылықты қамтамасыз етудің негізгі буынына айналып отырғанын атап өтті.

ӘСКЕР – 2026

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатов әскерге шақырылушылардың облыстық жиын пунктіне барып, тыныс-тіршілігімен танысты. Қанат Болатұлы медициналық комиссия құрамы отыратын бөлмелерді аралап, асхананы, жатын орындарды көріп шықты. Ұжым қызметкерлерімен диалогсыз, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

Айжарық КӨПТІЛЕУОВ —

Облыс әкімінің бірінші орынбасары одан кейін Қонаев қалалық қазақ орта мектеп-лицейінде былтырғы әскери қызметке шақыру қорытындысы мен биыл көктемгі шақыруға тапсырыс беру мәселесіне арналған жиын өткізді.

Басқосуды ашқан облыс әкімінің бірінші орынбасары Қанат Есболатов былтыр мерзімді әскери қызметке шақыру аймақ басшысының қаулысына сәйкес ұйымдастырылып, толық көлемде орындалғанын атап өтті.

Алғашқы сөз кезегін алған облыстық қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының орынбасары – әскерге шақыру және әскерден тыс жұмыс басқармасының бастығы, полковник Дулат Ақышев былтыр күзде азаматтарды Қарулы Күштер және басқа да әскери құрылымдарға мерзімді

әскери қызметке шақыру барысында анықталған өзекті мәселелер жөнінде сөз қозғады.

Дулат Жұмабекұлының айтуынша, былтыр күзде ҚР ҰҚК Шекара қызметі қатарына мерзімді әскери қызметке шақырылған Балқаш ауданынан 3, Еңбекшіқазақтан 14, Жамбылдан 7, Іле ауданы мен Алатау қаласынан 8, Қонаевтан 11, Қарасайдан 5, Кеген, Райымбек аудандарынан 1, Талғардан 3, Ұйғыр ауданынан 5 азамат облыстық медициналық комиссияның қорытындысына сәйкес жарамсыз болып танылған. Алайда олардың барлығы

аудандық медициналық комиссиядан өткенде жарамды болған. Мұндай жарамсыздық санаты Мемлекеттік күзет қызметінің, Қарулы Күштер, Төтенше жағдайлар министрлігінің, Ұлттық ұланның қатарына мерзімді әскери қызметке шақырылушылар арасында да анықталып отыр.

Департамент басшысының орынбасары былтыр күзде азаматтарды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, әскери құрылымдарға мерзімді әскери қызметке шақыру қорытындысында Қонаев қаласы, Қарасай, Еңбекшіқазақ, Талғар, Балқаш



Суретті түсірген – Дина ДӘМІТБЕКОВА

ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ

аудандарының, Іле ауданы мен Алатау қаласының қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерінің жұмысын жоғары бағалады. Сондай-ақ Кеген, Райымбек және Ұйғыр аудандарының қорғаныс істері жөніндегі бөлімдері тарапынан жоспар орындалмағанын жеткізді. Кеген мен Райымбек аудандары жастарының тіркеуден шықпай, өзге қалаларда жұмыс істеп жүргендігі әскерге шақыру барысында қиындық туғырып отырғанын алға тартты. Ұйғыр ауданында ондай мәселе болмаса да, жоспар орындалмай отырғанын тілге тиек еткен Дулат Жұмабекұлы бұл ауданда әскерге жарамсыз болған азаматтың төтенше жағдай, полиция және тағы сол секілді салада қызметке орналасқан кезде денсаулығының жарамды болып шыға келетініне танданысын жасыра алмады.

Келесі кезекте денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлнар Жүнісова, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің өкілі, полковник Ербол Назарбекұлы, Ұлттық ұлан өкілі, подполковник Есбол Ержақып сөз алып, әскерге шақыру барысында кездесетін түйткілді мәселелер жайлы мәлімдеді.

Жиын соңында қатысушылар тарапынан қойылған сауалдарға

жан-жақты жауап берген Қанат Болатұлы аудандық медициналық комиссия қорытындысына сәйкес әскерге жарамды болған азаматты облыстық комиссияның жарамсыз деген шешімімен келіспеген жағдайда республикалық тексеріс ұйымдастыратынын жеткізді. Денсаулығы жарамайтын шақырылушы әскер қатарына алынған жағдайда сырқаты сыр беріп, оның салдары адам өліміне апарып соқтыру мүмкін екенін, сондықтан медициналық комиссияларды салғырттыққа салынбауға шақырды. Сонымен қатар аудандық шақыру комиссияларының төрағаларына азаматтарды биыл көктемде Қарулы Күштердің, басқа да әскери құрылымдар қатарына мерзімді әскери қызметке шақыру үшін нарядты орындау жөніндегі жұмыстарын ұйымдастыруға және шақыру кезінде мерзім мен сапасына теріс әсер ететін барлық түйткілді мәселені жоюға тапсырма берді. Көктемгі мерзімді әскери қызметке шақырудан жалтарған азаматтарды іздестіру жұмысын жүргізуге көмек көрсету мәселесі бойынша аудандағы полиция басқармаларына облыстық полиция департаменті басшысының тапсырма беретінін жеткізді.



● МӘСЛИХАТ

ӘРБІР ШЕШІМ МАҢЫЗДЫ



Суретті түсірген – Дина ДӘУІТБЕКОВА

Әкімдіктің мәжіліс залында облыстық мәслихаттың кезекті сессиясы өтті. Отырысқа облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев, мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев, басқарма өкілдері, депутаттар, онлайн режимде аудан-қала басшылары мен мәслихат төрағалары қатысты.

● Ерзат АСЫЛ

Қуат Сұлтанұлы төрағалық еткен сессия отырысында алдымен облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Қанат Нүсіпбаевтың 2023 – 2025 жылдарға арналған іске асырылған жобалар туралы есебі тыңдалды. Басқарма басшысының айтуынша, экологиялық жағдайды жақсарту үшін облыстық бюджеттен табиғатты қорғау бойынша 40 түрлі іс-шараны атқаруға 7,1 млрд теңге қарастырылған. Гидротехникалық құрылыстарды күрделі жөндеу, орман дақылдарын отырғызу және жасыл екпелер алаңдарын ұлғайту сынды жобалар іске асырылған. Сондай-ақ мамандандырылған техника мен жабдықтар сатып алынған. Бүгінде газбен жабдықтау, өзіндік санациялау, қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлер орнату және рұқсат етілмеген қоқыстарды жою сияқты жұмыстар атқарылуда. «Жануарлар дүниесі мен өсімдіктер әлемін қорғау бағытында Мемлекет басшысының 2 млрд ағаш отырғызу тапсырмасын іске асыру шеңберінде облыстың орман аумағы 14,9 %-дан 15,1 %-ға дейін ұлғайды. Сонымен қатар 40 су айдындары паспорттаудан өтті.

Қапшағай су қоймасының резервтік учаскелеріне және Іле өзеніне 588 233 дана тұқым шабақтары жіберілді. Балық шаруашылығын қолдау мақсатында 830 млн теңге көлемінде субсидия бөлінді», – деді Қанат Нүсіпбаев.

Келесі кезекте су ресурстары және ирригация басқармасының басшысы Саят Қараласов баяндама жасап, аймақтағы су ресурстары және ирригация жүйесіндегі жаңа жобаларды ортаға салды. Оның сөзінше, 2028 жылға дейінгі су шаруашылығын дамытудың кешенді жоспары аясында Су ресурстары және ирригация министрлігі Бартоғай су қоймасын реконструкциялау жобасын әзірлеп жатыр. Сондай-ақ жалпы ұзындығы 270 шақырым болатын топтық су құбыры мен төрт магистральдық канал салу жоспарланған. Үлкен Алматы каналының учаскелерін реконструкциялау жұмысы жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстар биыл толық аяқталады. Қазір «Сұңқар» және «Тегермен» су қоймаларын салуға арналған жобалау-сметалық құжат дайындалып жатыр. Сонымен қатар төрт су қоймасына күрделі жөндеу жүргізу және 74 гидротехникалық құрылысты көпфакторлы тексеруден өткізу көзделген. Ислам даму банкімен ынтымақтастық аясында Еңбекшіқазақ,

Балқаш, Ұйғыр және Райымбек аудандарында суару желілерін реконструкциялау жобаларын жүзеге асыру жоспарланып отыр. Нысандардың жалпы ұзындығы 550 шақырымнан асады. Нәтижесінде 34 мың гектардан аса ауыл шаруашылығы жері тұрақты сумен қамтамасыз етіледі. Бұл өңірдің агроөнеркәсіп кешенін дамытуға және оның климаттық тұрақтылығын арттыруға елеулі үлес қосады.

Аталған кезекті сессия әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау, жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерін пайдаланғаны үшін жалдау ақысының мөлшерлемесін белгілеу, облыстық білім басқармасының қарамағындағы «Алматы облысы бойынша психологиялық қолдау оқу-әдістемелік орталығы» жұмыскерлерінің жалақыларын көбейту, толық бітіріп берілетін құрылыс объектілердің тізбесін бекіту туралы шешімдер қаралды.

Сессияда облыс әкімдігінің дербес құрамын келісу, бюджет комиссиясының құрамын бекіту және мәслихаттың кейбір шешімдерінің күшін жою мәселелері де талқыланды.

Сессияны қорытындылаған облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев қабылданған шешімдердің маңыздылығына тоқталды. Ол аймақтың стратегиялық даму бағытын жүзеге асыруда әрбір шешімінің уақытылы әрі сапалы орындалуы басты шарт екенін атап өтті.

● ЖИЫН

Қонаев қалалық Мәдениет үйінде мемлекеттік қызмет жүйесінде заңдылық пен ашықтықты қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті нығайту және құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында маңызды кездесу өтті. Жиынды ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы облысы бойынша департаментінің басшысы Нұрсұлтан Сейдалиев ашып, мемлекеттік аппаратта «нәлдік төзімділік» қағидатын орнықтыру мәселелерін сөз етті. Кездесуге басқармаға қарасты ведомстволық ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері қатысты.

БАСТЫ ТАЛАП – АДАЛ ҚЫЗМЕТ!

● Құралбек СӘБИТОВ

Департамент басшысы мемлекеттік қызмет саласындағы бүгінгі басты бағыттардың бірі – заң үстемдігін қамтамасыз ету арқылы әділетті қоғам қалыптастыру екенін атап, «Заң мен тәртіп» идеологиясы мемлекеттік саясаттың өзегіне айналғанын, мұндағы басты мақсат азаматтардың мемлекетке деген сенімін арттыру екенін жеткізді.

– Мемлекеттік қызметші – ең алдымен қоғам алдында жауапты тұлға. Әр қызметкер өз жұмысында адалдық пен әділдік қағидаттарын басшылыққа алғанда ғана біз «Әділетті Қазақстан» құру жолында нақты нәтижеге қол жеткізе аламыз. Мемлекеттік қызмет артықшылық емес, үлкен жауапкершілік, – деген Нұрсұлтан Ақылбекұлы мемлекеттік қызметші «Адал азамат» қағидатына сай болуы тиіс екенін ерекше назарға алды.



Кездесу барысында Мемлекет басшысының 2025 жылғы Жарлығына сәйкес Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу функциялары берілгені, бұл бағыттағы жұмыстардың жаңа кезеңге өткені айтылды. Бүгінде департамент аймақта сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырып қана қоймай, құқықбұзушылықтарға себеп болатын жағдайларды анықтау және жою бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Жиында мемлекеттік қызметшілерге қойылатын негізгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер жан-жақты түсіндірілді. Атап айтқанда, мемлекеттік функцияларды орындауға жатпайтын іспен айналысуға, қызметтік мүмкіндікті жеке мүддеге пайдалануға, материалдық сыйақы немесе сыйлықтар қабылдауға жол берілмейтіні ескертілді. Мемлекеттік қызметшіге педагогикалық, ғылыми және шығармашылық қызметпен айналысуға ғана рұқсат берілетіні атап өтілді. Сонымен қатар жақын туыстардың тікелей бағынысты қызметте бірге жұмыс істеуіне заңмен шектеу қойылғаны айтылды. Мұндай жағдай анықталған кезде үш ай ішінде қызметтік шешім қабылдануы тиіс. Бұл талаптар мемлекеттік аппараттағы әділдік пен мүдделер қақтығысының алдын алуға бағытталған.

Департамент басшысы сыйлық беру мен алу мәселесіне де терең тоқталып өтті. Заңнама талаптарына сәйкес, мемлекеттік қызметшіге берілген кез келген сыйлықтан бас тарту немесе оны жеті күн ішінде мемлекеттік қорға өткізу міндетті. Ал белгіленген мөлшерден асатын сыйлықтар пара ретінде бағаланып, қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін екенін қадап айтты. Кездесуде ерекше назар аударылған мәселелердің бірі мемлекеттік қызметшілер арасында құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу болды. Департаменттегі мониторинг нәтижесінде өткен жылы Еңбекшіқазақ ауданында бәс тигуге қатысқан 12 қызметші жұмыстан босатылғаны айтылды. Биылдың өзінде интернет арқылы букмекерлік қызметтерге қатысқан 18 мемлекеттік қызметші анықталып, оларға қатысты қызметтік тексерістер жүргізілуде. Осы орайда Нұрсұлтан Ақылбекұлы:

– Мемлекеттік қызметші қоғамға үлгі болуы тиіс. Құмар ойындарға тәуелділік тек жеке мәселе емес, ол қызметтік тәртіпке, шешім қабылдау сапасына және мемлекеттік беделге тікелей әсер етеді, – деді.

Жиында сыбайлас жемқорлық деректері туралы хабарлаған азаматтарды ынталандыру жүйесінің жетілдірілгені де тарқатылды. Хабарламаның маңыздылығына қарай сыйақы мөлшері айтарлықтай ұлғайтылған. Бұл қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы серіктестікті нығайтуға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланды. Департамент басшысы квазимемлекеттік сектордағы жауапкершілік мәселесін де назардан тыс қалдырмады.

Бүгінде ұйымдарда комплаенс-қызметтері құрылып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және алдын алу жұмысы жүргізілуде. Сонымен бірге мемлекеттік сатып алу саласындағы баға негізділігіне мониторинг күшейтілген. Себебі сатып алулардағы негізсіз баға өсімі экономикалық тұрақтылыққа ғана емес, қоғам сеніміне де кері әсер етеді, – деді департамент басшысы.

Кездесу барысында мемлекеттік қызметтің цифрландырылуы да кеңінен сөз болды. «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында енгізілген e-Qyzmet жүйесі кадрлық процестердің ашықтығын арттырып, адами факторды азайтуға мүмкіндік беріп отыр. Бүгінде мемлекеттік қызметке орналасу конкурсы онлайн форматта өткізіліп, бейнежазба және практикалық тапсырмалар арқылы үміткерлердің нақты кәсіби деңгейі бағалануда. Бұл тәсіл меритократия қағидатын нығайтып, таныс арқылы немесе субъективті шешім қабылдау тәуекелдерін төмендетуге ықпал етуде. Сонымен қатар ведомстволық ұйымдарға кезең-кезеңімен енгізіліп жатқан Бірыңғай кадрлық жүйе кадрлық жұмысты стандарттауға мүмкіндік беріп отырғаны айтылды.

Жиын соңында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі және сыртқы талдау жүргізудің маңызы түсіндіріліп, алдын алу шаралары жайлы сөз болды. Азаматтар мен қызметкерлер үшін тәулік бойы жұмыс істейтін 1424 Call-орталығы арқылы сыбайлас жемқорлық деректері жөнінде хабарлауға мүмкіндік бар екені де жеткізілді.

Кездесу еркін форматтағы пікір алмасумен жалғасты. Қатысушылар мемлекеттік қызметтегі шектеулерді қолдану тәжірибесі, декларациялау тәртібі, цифрлық іріктеу жүйесінің артықшылықтары және қызметтік әдеп нормаларына қатысты сұрақтарын қойды. Департамент басшысы тарапынан әр сауалға нақты әрі түсінікті жауаптар беріліп, заң талаптарын дұрыс қолдану жолдары жан-жақты түсіндірілді.

Әділеттілік – тұрақты мемлекет негізі

◀ (Басы 1-бетте)

Аймақ басшысын фабрика әкімшілігі қарсы алып, кәсіпорынның өндірістік қызметімен таныстырды. Қонақтарды ертіп, шолу экскурсиясын өткізген директор Әнуар Хилажевтың айтуынша, кәсіпорын заманауи жоғары технологиялық импорттық жабдықтарды пайдаланады және күртешелер, шалбарлар, жейделер, тоқыма өнімдері шығарылатын өндірістік желілерді үнемі жетілдіріп отырады. Барлық қажетті сертификаттар толық көлемде ресімделген. Маталар мен фурнитура сенімді, тексерілген жеткізушілерден сатып алынады. Фабрика ұжымы тәжірибелі және білікті мамандардан құралған. Әрбір өнім бес деңгейлі сапа бақылауынан өтеді. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін тұрақты тренингтер мен басқа да іс-шаралар өткізіледі.

Кәсіпорын жұмысымен кенінен танысқан соң, облыс әкімі еңбек ұжымымен кездесу өткізіп, заң үстемдігінің құндылықтары туралы баяндама жасады.

– Бүгін өздеріңізбен «Әділетті заң – тұрақты мемлекет негізі» атты өзекті тақырып аясында, ел тарихындағы аса маңызды кезеңде бас қосып отырмыз. Заң үстемдігі – кез келген дамыған елдің басты қағидаты, ал әділеттілік – қоғамдағы тұрақтылықтың алтын арқауы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында үнемі «Заң мен тәртіп» қағидатын берік ұстану қажеттігін басым бағыттардың бірі ретінде атап өтеді. Әділетті заң үстемдік құрған жерде азаматтардың құқықтары қорғалады, кәсіпкерлік еркін дамиды, инвестициялық ахуал жақсартады және қоғамда өзара сенім қалыптасады.

Бүгінгі таңда елімізде құқықтық мемлекет қалыптастыру бағытында жүйелі әрі ауқымды реформалар жүзеге асырылуда. Өздеріңізге мәлім,



Мемлекет басшысының Жарлығымен 15 наурызда республикалық референдум өтеді. Бұл науқанда біз Ата Заңға енгізілетін өзгерістерді қолдап қана қоймай, әрқайсымыз ел ертені мен келер ұрпақтың тағдырына тікелей әсер ететін шешім қабылдаймыз.

Аталған реформаның негізгі мақсаты – сот жүйесін жетілдіру, сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту, мемлекеттік қызметтің ашықтығы мен тиімділігін арттыру, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауды нығайту. Берілетін әрбір дауыс – еліміздегі демократиялық құндылықтар мен құқықтық тәртіптің нығаюына қосылған үлес болмақ, – деді Марат Елеусізұлы.

Кездесуде модераторлық еткен Талғар аудандық мәслихатының хатшысы Мұхит Әлібеков те мазмұнды баяндама жасады. Ол жаңа Конституция жобасында алғаш рет цифрлық ортада азаматтардың құқығын қорғау нормасы бекітілгенін, сондай-ақ адам капиталы, білім беру, ғылым, мәдениет пен инновацияларды дамытуға ерекше назар аударылғанын атап өтті.

Кездесу соңында фабрика директоры Әнуар Хилажев сөз алып, облыс басшысына кәсіпорынға арнайы келіп, еңбек ұжымымен кездескені, өндіріспен танысқаны үшін алғысын білдірді.

– Еліміз шын мәнінде тарихи маңызы зор оқиғаның – Жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі республикалық референдумның қарсаңында тұр. Конституцияда біздің құқығымыз бен бостандығымыз айқындалады, ол әділдікке, тұрақтылыққа және ертеңгі күнге сеніммен қарауға негіз қалайды.

Бүгін біз баршамызға қатысты маңызды таңдау алдында тұрмыз. Әрқайсымыздың қатысуымыз бен азаматтық ұстанымымыз еліміздің болашағы қандай болатынына тікелей әсер етеді. Осы ретте сіздерді референдумға белсене қатысуға шақырамын, – деді еңбек ұжымының басшысы.

Кездесу өте әсерлі өтті. Фабрика жұмысшылары аймақ басшысына нақты сұрақтар қойып, тұщымды жауап алды.

Іле, Талғар аудандары



● **ЖАҢА КІТАП**

Шығыстың ғұлама ойшылы, жерлесіміз Әбу-Насыр Әл-Фарабидің 1155 жылдық мерейтойына орай, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының ғалымдары Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың және ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаевтың алғысөздерімен қазақ тілінде алғаш рет «Фарабитану» атты 20 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарды.



ФАРАБИТАНУҒА АРНАЛҒАН

«Фарабитану» көптомдығын шығарудағы басты мақсат – ғұлама мұрасын зерттеген ғалымдардың еңбегін тарихи-хронологиялық реттілікпен оқырман қауымға ұсыну. Аталған жинақ – бірігіп жасалған еңбек нәтижесі.

Бірінші томға Әл-Фарабидің Ислам философиясы мен өркеніетіне ықпалы, сондай-ақ оның орта ғасырдағы Батыс мәдениетіне әсері туралы философия кафедрасы ғалымдарының зерттеулері енгізілген. Фарабитанудың екінші томында әлемге әйгілі шығыстанушы-ғалым Бабожан Ғафуров пен қазақстандық фарабитанушы Ағын Қасымжанов бірлесіп жазған монографиялары орын алды. 3-томда 1975 жылы Алматы қаласында өткен Әбу-Насыр Әл-Фарабидің 1100 жылдығына арналған ғылыми конференция материалдары бар. 4-томға белгілі жазушы, қоғам қайраткері Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» романы және алғашқы фарабитанушы Ақжан Әл-Машанидің «Әл-Фараби» атты шығармасы кірді. 5-томға Фараби дәуірі туралы мәліметтері, 6-томға белгілі ғалымдар – А.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиева және Н.Сейтахметованың монографиялары енді. 7-томда А.Көбесов пен А.Машанидің еңбектері, 8-томда қазақстандық фарабитанушы ғалымдардың монографиялары, 9-томда Әл-Фараби мұрасы, Ислам философиясы және әлем ғалымдарының ғұлама туралы әліміметтері берілген. 10-томға ағылшын тілінде Голландиядан шыққан «Al-Farabi Philosophy of the Second Master», болгар тілінде «Al-Farabi Velikiyat missetil na Vstoka», хорват тілінде «Al-Farabi Veliki Mislilac Istoka», сондай-ақ «Аль-Фараби великий мыслитель востока» атты ғылыми еңбектер кірді. 9-12 томда белгілі ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлінің «Ұлы Дала кемеңгері», «Отырарлық ұлы ойшыл» атты шығармалары бар. 13-томда профессор, фарабитанушы Құбығұл Жарықбаевтың, 14-томда біздің библиографиямыз енді. 15-томға жазушы, ғалым Сағатбек Медеубекұлының «Әл-Фараби және казактың музыкалық аспаптары», 16-томға профессор, парсытанушы-ғалым Ислам Жемейінің «Әл-Фарабидің өмірі мен философиясы», 17-томға А.Нысанбаев, Ғ.Құрманғалиеваның «Әл-Фараби мұрасы және қазіргі өзара түсінісу философиясы», 18-томға профессор М.Бурабаевтың жетекшілігімен шыққан «О логическом учении Аль-Фараби», 19-томға фарабитанушы ғалым К.Сатыбекованың «Гуманизм Аль-Фараби», 20-томға Ақжан Машанидің «Аль-Фараби и современная наука» атты монографиялары топтастырылған.

Көптомдықты дайындау барысында фарабитанудағы жаңа серпілістер мен бетбұрыстарды, ғұламаньң ғылым мен философия тарихындағы орнын жаңаша бағалау дәстүрі қалыптасып

келе жатқанын, шет тілдеріндегі тың мағлұматтарға, дереккөздерге сүйену үдерісінің кең таралуын байқауға болады. Бұл жаңашылдықтың арқасында Фараби мұрасының ашылмаған қырларын және оның өзінен кейінгі ғылыми үдерісінің дамуына тигізген әсерін қайта бағамдауға мүмкіндік туды. Оны игеру маусымдық сипат алмай, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретіні анық.

Өздеріңізге мәлім, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Иран Президенті Масуд Пезешкианмен кездесу барысында Мәдени-гуманитарлық байланыс – екі ел қарым-қатынасының алтын көпірі екенін атап өтті. «Біз Иран тарапымен бірлесе отырып казак жерінде ұлы ойшыл Әбу-Насыр Әл-Фараби мұрасына арналған тарихи-мәдени кешен салу туралы шешім қабылдадық», – деді ел Президенті. Бұл келісім ұлы ғұлама ғалым, жерлесіміз Әбу-Насыр Әл-Фарабиге деген үлкен құрмет деп білеміз.

Қазіргі қазақстандық ғылым тарихында ұлттық ғылыми мұраны еркін әрі әділ тұрғыда қайта зерделеуге мүмкіндік туды. Ұлттық дүниетанымдық және философиялық мұраны жаңғыртып, оны мемлекеттің, қоғамның және ғылымның игілігіне қызмет ететін, сондай-ақ ұлттың жаңашыл бетбұрысына бағыт-бағдар беретін философиялық негіз ретінде пайдалану қажеттігі айқындалды. Қазіргі ғылым мен мәдениет саласында қатаң бәсекелестік қалыптасқан заманда әрбір ұлттық мәдениет өз тарихының терең тамырына үніліп, содан нәр алуға ұмтылуға тиіс. Бұл қарекеттің ұлт тарихын қалыптастырудағы әсерін жоққа шығаруға болмайды. Өйткені өзінің мәдени, тарихи, рухани мұрасын, құндылықтарын қадірлеген халық қана тарих сахнасында берік орнығады. Мәдени құбылыстарға немқұрайлы қарау бүгінде әлем елдерінде рухани дағдарыстың тереңдеуіне себеп болып, соның салдарынан кейбір халықтардың этникалық болмысында келеңсіз үдерістердің туындауына әкеліп отыр. Әлемде болып жатқан сондай өзгерістер өзінің тәуелсіздігін қайтарып, мемлекеттің бекемдеп жатқан казак халқына да өз әсерін тигізе бастады. Сондықтан кейінгі жылдары казак елі төл тарихының қойнауына қайта үніліп, ғасырлар бойы қордаланған мол рухани мұрасын қайта жаңғыртуға бет бұра бастады. Фарабитану көп томдығының әзірленуіндегі негізгі мақсат мемлекетіміздің ұлт тарихы бойынша ұстанған саясаты негізінде жатыр. Себебі Әл-Фараби сияқты ғаламдық тұлғаның мұрасын зерттеп, оны барынша таныстыруға ұмтылу – ұлттымыздың рухани деңгейінің көтерілуіне себеп болатыны белгілі. Әйгілі философ Ағын Қасымжанов айтқандай, «Әл-Фараби сынды күрделі мәдени құбылысты түсіну тек кең тарихи-мәдени бастауларды қамту

арқылы ғана мүмкін болып, ғұламаньң әлемдік философия тарихындағы орнын белгілеу үшін оның ойшыл және ұстаз ретіндегі терең де толық бейнесін қайта қалпына келтіруі қажет етеді».

Әл-Фараби – әлемдік деңгейдегі ұлы философ. Оның энциклопедиялық мол мұрасынан сол дәуірде Шығыс пен Батысқа ықпалының аса жоғары болғанын аңғаруға болады. Аристотель философиясын терең менгеріп, жаң-жақты түсіндіргені үшін оған «Әл-Муаллим асани», яғни «Екінші ұстаз» деген құрметті атақ берілді. Әбу Насыр Әл-Фараби Ислам философиясы тарихында алғаш болып жүйелі философиялық ілім қалыптастырған ойшыл ретінде, сондай-ақ логика, метафизика, саясат философиясы, музыка секілді ғылым салаларының негізін қалаушы тұлға ретінде танылғанына қарамастан, бүгінгі күнге дейін ол туралы еуропалық тілдерде жарияланған еңбектер мардымсыз күйінде қалып отыр. Еуропалық әдебиеттерде ортағасыр Ислам философиясы туралы жазылған еңбектердің көпшілігінде Әл-Кинди, Ибн Сина, Ибн Рушд, Ибн Туфайл, тағы басқа да ойшылдарға баса мән берілген. Мысалы, Әл-Киндиді Шығыс перипатетизмінің негізін салушы деп көрсетсе, Ибн Синаны эманация теориясын жасаушы және медицина ісінің білгірі, ал Ибн Рушдты «көс ақиқаттылық» теориясының негізін қалаушы ретінде жақсы біледі. Бірақ Әл-Фараби философиясымен таныс болған кез келген адам оның энциклопедиялық мұрасының өзінен кейінгі жаһандық ой-санаға терең ықпал еткеніне еш қумандайбайды. Ислам философиясының негізін қалағандар туралы сөз болғанда, әдетте Әбу Якуб Әл-Киндидің есімі бірінші аталады. Оның қалдырған мұрасы астрономиядан бастап психологияға дейін, физика мен метафизика сияқты сол кезеңдегі барлық маңызды ғылым саласын қамтыды. Бірақ оның бізге жеткен санауды шығармаларынан сол кезең қойған маңызды сұрақтар мен таластарға жауап табу өте қиын. Ол философия тарихында тұңғыш араб философы ретінде өзінің лайықты орнына ие болғанымен, оның философиясының әлде де бір жүйеге келмегенін мойындау қажет. Әл-Киндиден кейін ислам тарихындағы тұңғыш біртұтас философиялық жүйе жасаған Әбу Насыр Әл-Фараби болды. IX-X ғасырларда түркілердің философиясы мен ғылымы араб тілінде жазылды және сақталды. Ислам және байырғы грек рухани-ғылыми мұраларын жетік игерген Әбу Насыр Әл-Фараби араб тілді, исламдық сипаттағы фәлсапаның негізін қалап, кейін әлемдік философия тарихының құрамдас бөлігіне айналған өзіндік, синтезделген философиялық-дүниетанымдық жүйені жасап шығарды.

Оның философиялық жүйесі мен оған дейін айтылмаған тың идеялары батыс әлеміне де зор ықпал етті.

«Фарабитану» көптомдығын құрастыру барысында Ислам философиясын және Әл-Фарабидің мұрасын жаңаша түрде, егжей-тегжейлі дамытқан француз тілді араб философы Ибраһим Мадкурдың «Фарабидің орта ғасыр ислам философиясындағы орны» атты еңбегі де қамтылды. Әл-Фараби шығармашылығының әр саласы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізген Р.Хаммонд, М.Хортен, М.Гилсон, Карра де Во, Д.Рейсман, Г.Сартон, Й.Паренс, И.Гольдциер, Г.Фармер, Э.Ренан, Д.М.Данлоп, М.Фахри, Р.Вальцер, М.Гэлстон сынды белгілі ғалымдардың еңбектері қарастырылды.

Бұдан өзге, кейініректе тақырыпқа байланысты зерттеу жүргізген М.Махди, Й.Неттон, Т.Друарт, Ф.Нажжар, К.Колмо, Д.Блэк, Х.Корбэн, П.Бушмиллер, Баттерворз сияқты шетелдік ғалымдар фарабитану ілімін әрі қарай дамытып, насихаттады. Есімдері аталған зерттеушілердің көбі – Фарабидің философиялық мұрасына қатысты өз зерттеулерін ағылшын, француз тілдерінде шығарып, еңбектеріндегі ғылыми құндылыққа ие мазмұнды әлемдік деңгейде тарату бағытында жұмыс жүргізген кейінгі уақыттағы белгілі ғалымдар.

Ислам философиясын зерттеу ісі Кеңес кезеңінде өте кеш басталды. XX ғасырдың алпысыншы жылдарында ғана Ресей және Түркістандағы негізгі ғылыми орталардың өкілдері және философия тарихын зерттеушілер ислам философиясы туралы алғашқы зерттеу жұмыстарын жазды. Соның ішінде Фарабиге қатысты шығыстанушы С.Григорянның «Орта Азияның кемеңгер ойшылдары» (1958) және «VII-XII ғасырлардағы Орта Азия және Иран философия тарихы» (1960) атты көс еңбегін, академик А.Сағадеев пен А.Игнатенко сынды философтардың кітаптары бар. Ал өзміздің түркістандық фарабитанушылардың ең алғашқыларының бірі – өзбек ғалымы М.Хайруллаевтың қаламынан туған «Әбу Насыр Әл-Фараби» (1961), «Фараби және оның философиялық трактаттары» (1963), «Фараби дүниетанымы және оның философия тарихындағы орны» (1967) және «Әбу Насыр Әл-Фараби» (1982) атты ғылыми еңбектерінде бірқатар жаңа тарихи-деректемелік тың мәліметтер берілгендіктен, олар да қамтылды.

Әл-Фарабидің ғылыми ілімін жаңаша түрде сабақтастық және жүйелілік қағидаттарына сәйкес, яғни философиялық терең ой арқылы зерттеуді мақсат тұтқан және Фарабиді түбегейлі түрде түркістандық (яғни отырарлық) ғалым екендігін негіздеген

көрнекті фарабитанушы, философ Ағын Қасымжанов болды. Сондай-ақ фарабитануды дамытқан ғалымдар қатарына Б.Ғафуровты, фарабитанушы ғалымдарды қалыптастыруда үлкен еңбек еткен М.Бурабаев пен жазушы Әнуар Әлімжановты да ерекше атап өткен жөн. Әл-Фарабидің ілімін Абай Құнанбайұлы мұрасымен сабақтастыра зерттеген ғалым Ақжан Әл-Машани еңбектері тұжырымдардың мәнін ашуда ерекше маңызға ие болды. Әсіресе, Әл-Фарабидің жаратылыстану бағытындағы көптеген еңбектерінің зерттеліп, ғылыми айналымға енуінде Ақжан Әл-Машанидің еңбегі орасан Сондай-ақ Әл-Фараби ілімін зерттеушілер қатарына А.Көбесов, Е.Харенко, Б.Ошеревич, А.Иванов, К.Таджикова сынды ғалымдар мен аудармашыларды да қосуға болады. Тақырыпқа қатысты маңызды және маңызды зерттеулер жасаған ғалымдар ретінде Ә.Дербісәлі, Ғ.Құрманғалиева, А.Кенесарин, Ғ.Қоянбаева, А.Әміреқұлов, А.Қабылова сынды авторларды ерекше атаған жөн.

Қазақстанның тәуелсіздік алуымен ұлт тарихына байланысты басқа салалардағы сияқты, Әл-Фарабидің ғылыми мұрасын зерттеуде де жаңа бетбұрыстардың белен алғаны рас. Фарабитанудың бұл кезеңіне зерттеу тақырыптарына қатысты тың, жаңашыл және тәуелсіз ұстанымдардың қалыптасуы, әдістемелік өлшемдердің бұрынғы кеңестік талаптардан және идеологиялық – цензуралық шектеулері арғылуы, Әл-Фарабидің рухани, ғылыми, идеялық мұрасын жаңаша, еркін көзқарастар арқылы әділ де соны ғылыми әдістер негізінде қарастыру мүмкіндігінің тууы тән болды.

Тәуелсіздікті қайтарғаннан кейінгі жылдарда Әл-Фарабидің философиялық мұрасын насихаттаған ғалымдардың санатына академик Ә.Нысанбаев, Д.Кішібеков, М.Әуезов, А.Қасабек, М.Орынбеков, Ж.Алтаев, Г.Әбдіғалиева, Н.Бәйтенова, Ж.Бекбосынова, Т.Ғабитов, Г.Нұршыева, А.Қабылова, Қ.Жамалов, С.Нұрмұратов, Г.Соловьева зерттеулерін жатқызуға болады.

Әл-Фарабидің ғылыми мұрасын жаңа әдіснамалық-тұжырымдамалық тұрғыдан қарастыратын туындылар қатарына Ә.Нысанбаевтың «Әл-Фараби және Шығыс философиясының дамуы», М.Бурабаевтың жетекшілігімен жарық көрген «Әбу Насыр Әл-Фараби философиясы», А.Көбесовтің «Әбу Насыр Әл-Фараби», К.Таджикованың «Әбу Насыр Әл-Фараби. Әріптер кітабы» атты еңбектерін атап өтуге болады. ҚазҰУ-да жыл сайын Әл-Фарабидің рухани мұрасына арналған конференциялар өткізіліп, ол туралы мақалалар жинағы басып шығарылады. Сонымен университетте Әлем халықтары әдебиеті институты мен Фараби орталығы бірлесіп, ғалымның «Қайырымды қала» мен «Музыка туралы кітап» атты еңбектерінің екі томдығын, «Ақыл кітабын» – «The Book of Mind» және «Әл-Фараби туралы кітап» жинағын жарыққа шығарды.

Кейінгі жылдары «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі Философия және саясаттану институты ғалымдарының әл-Фарабидің ғылыми мұрасы туралы зерттеу жұмыстарын, әсіресе, Ғ.Құрманғалиева, Ж.Сандыбаев, Н.Сейтахметова, Ү.Палтөре сынды жаңашыл фарабитанушыларды ерекше атап өткен орынды. Сондай-ақ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басқарма төрағасы-ректорының қолдауымен жұмыс істеп жатқан Әл-Фараби орталығының ғылыми жұмыстарын айрықша атап өту қажет.


Жақыпбек АЛТАЕВ,
философия ғылымдарының докторы,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры
Қанат АЛТЫНБЕК,
ҚР Ұлттық кітапханасының ғалым-хатшысы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

● **ЦИФРЛАНДЫРУ**

«ТӨРТ ТҮЛІК» іске қосылды

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Агромеркесін кеңейтудегі экономикалық саясатты талдау орталығымен бірге ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне арналған «Төрт түлік» мобильді қосымшасын әзірледі.

«Tort tulik» мобильді қосымшасы ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне шаруашылықты қолайлы жүргізу мақсатында әзірленген. Мобильді қосымша арқылы ауыл шаруашылығы жануарларын есепке қою, шығару, сату немесе сою кезінде жүргізілетін рәсімдерді жеңілдетуге, сондай-ақ ветеринариялық құжаттарды онлайн түрде алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мобильді қосымшада жануарлар санына бақылау жүргізуге арналған тізім, жануарларға жүргізілген ветеринариялық іс-шаралар бойынша бақылау жүргізу мүмкіндігі, ауыл шаруашылығы жануарларын сату және сатып алу жұмыстарын онлайн рәсімдеу, жеке тұтыну мақсатында сойылған ауыл шаруашылығы жануарларын есептен шығаруға өтініш білдіру, туған ауыл шаруашылығы жануарларын тіркеу үшін өтініш білдіру, бірдейлендіруге арналған құлақ жапсырма сырғалары жоғалған немесе бүлінген жағдайда оны ауыстыру, ветеринариялық паспорт алу, ауыл шаруашылығы жануарлары мен олардың иелері туралы мәліметтерді түзету модульдері қолжетімді.



Қосымша смартфонда онлайн режимде жұмыс істейді. Қосымшаны Play market және App store жүйелерінен жүктеп алу мүмкіндігі бар. Қосымшада көрсетілген мол мүмкіндіктерді ескере отырып, ауыл шаруашылығы жануарларының иелері «Tort tulik» мобильді қосымшасына тіркелуге шақырамыз. Жүйеге тіркелуде қиындықтар туындаған жағдайда Қонаев қаласы бойынша 1-ықшамаудан, 41 А/1, 1-қабат, 8-кабинет мекенжайында орналасқан Қонаев қаласының ветеринариялық бөліміне, Шенгелді ауылдық округі бойынша Айымбетова көшесі, 47 мекенжайында орналасқан Шенгелді ауылдық округінің ветеринариялық пунктіне көмекке жүгінуіңізді сұраймыз.

Гүлсім ТОҒЫСБАЙ,
Қонаев қалалық ветеринария бөлімінің ветеринар-дәрігері

● **САҚТАНСаң, САҚТАЙДЫ**

Алаяққа алданбайық!

Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылдық Мәдениет үйінде интернет-алаяқтықтың түрлері және олардың алдын алу шаралары туралы жиын өтті. Шараға Еңбекшіқазақ ауданының прокуроры Бауыржан Қыбыраев, орынбасары Димаш Қалмашов, Алматы облысы полиция департаменті киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының уәкілі Әлібек Керім және Шелек полиция бөлімі басшысының орынбасары Айзат Игенов қатысты.

Мінбеге көтерілген аудан прокурорының орынбасары Димаш Темірланұлы мен облыстық полиция департаменті киберполиция басқармасының уәкілі Әлібек Арланұлы киберқылмысқа қарсы күрес бағытында, интернет-алаяқтықтың түрлері және олардың алдын алу шаралары, ақпараттық кеңістіктегі қауіп-қатер, сондай-ақ жеке мәліметтерді қорғаудың маңыздылығы қажында көпшілікке түсінікті етіп аңғымелен берді.

Бұл жерде компьютер, смартфон, планшет секілді заманауи құралдар арқылы алаяқтардың арбауына түскен адамдар күн санап көбейіп келе жатқаны туралы нақты мысалдар келтірді. Кенесші мамандар азаматтарға фишинг, жағлан ұсыныстар, күмәнді сілтемелер мен арандатушы контенттен сақтану жайында ескертпелер айтып, бейнесүзінді арқылы алдаудың сан қыры мен мәңжайын түсіндіріп берді. Әрбір азаматтың сандық ортада сақтық танытуы киберқауіпсіздіктің негізі факторы екеніне көз жеткізді.

Соңғы уақытта әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде интернет-алаяқтық фактілері

жиілеп кетті. Алаяқтар түрлі айла-шарғыны қолданып, азаматтардың ақшасын жымқыруда. Ақцияға, трейдингке инвестиция салсаңыз, қысқа уақытта жоғары табыс табаңыз деп жарнамалайды. Олар жалған платформалар көрсетіп, бастапқы салым енгізуді сұрайды. Салдарынан салынған қаражатты қайтарып алу мүмкін болмай қалады. Кейбірі өздерін банк қызметкері ретінде таныстырып, атыңызға несие рәсімделіп жатқанын немесе шотыңыз бұзылғанын айтады. Қауіптің алдын алу үшін «арнайы қауіпсіз шотқа» ақша аударуды талап етеді. Сондықтан мамандар мұндай жағдайда қырағылық танытып, жеке деректерді қорғау – қаржылық қауіпсіздіктің басты кепілі екенін ескертті.

Жиында көптеген сұраққа жауап берілді. Кездесуді аудан прокуроры Бауыржан Қыбыраев қорытындылады. Қатысушыларға «Алаяқтан сақ болайық!» деген қосымша парақша таратылды.

Анарбек БЕРДІБАЕВ
Еңбекшіқазақ ауданы



● БАЙҚАУ

Жамбыл аудандық Мәдениет үйінде «Есенқұл оқулары» облыстық байқауы өтті. Аудандық білім бөлімінің қолдауымен «Шығармашылық шеберлікке баулу орталығы» ЖШС және «Жас ұлан» оқушылар үйі бірлесіп ұйымдастырған өнер жарысына әр өңірден келген мектеп оқушылары бақ сынады.

● Серік САТЫБАЛДИЕВ —

Облыстық білім басқармасының бас маманы Мадияр Шарапов, Жамбыл аудандық білім бөлімінің басшысы Светлана Алтынбекова аталған шараның ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын атап өтіп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқау үш бағытта өтті. Алдымен оқушылардың дайындап әкелген иллюстрациялық суреттері сарапқа салынды. Қатысушылар онда Есенқұл Жақыпбековтің шығармалары негізінде туындыларын ұсынды. Екінші бағытта Есенқұлдың кемінде 30 өлеңін жатқа білуі тексерілді. Оған мүдірмей жауап берілуі талап етілді. Үшінші кезеңде оқушылар ақынға жеке шығармашылық жұмыстарын, яғни арнау өлеңін оқыды. Иллюстрациялық сурет бойынша – 10, мәнерлеп оқуға – 18, ал ақынға арнау номинациясы бойынша 11 оқушы өзара сынаға түсті.

Қырыққа жуық жас талап қатысқан байқаудың қорытындысында өнері үздік

ӨНЕР ЖАРЫСЫ



деп бағаланғандар анықталды. Мәнерлеп оқу бойынша I және II орындарды Ұзынағаш орта мектебінің оқушылары Дидар Данияр мен Рамазан Токтарқожа, тағы бір II орынды Еңбекшіарал орта мектебінен Досым Қондыбаев жеңіп алды. III орын үш оқушыға – еңбекшіаралдық Ерасыл Сарыбайға, Талғар ауданындағы Қапиза Әбдіғұлов атындағы №34 мектеп-

гимназиясының оқушысы Қаракат Мәкенге және Жаңақұрылыс ауылындағы А.Қарсақбаев атындағы орта мектептен Елдана Харламоваға берілді.

Ақынға арнау номинациясы бойынша да жеңімпаздар саны осындай болды. Онда I орынға Талғар ауданы Б.Момышұлы атындағы №35 мектеп-гимназиясынан Жансерік Нәсілбек,

II орындарға «Жас ұлан» оқушылар үйінің шәкірті Әмина Әсемова мен Саурық батыр мектебінен Ернар Еркін, III орындарға Талғар ауданынан Әлия Бердіқұл, Қасымбек мектебінен Жібек Қасымақын және Еңбекшіарал мектебінен Ерасыл Сабырбай ие болды.

Сурет салудан Қайназар ауылының №1 орта мектеп оқушысы Елдана

Мәулітбек I орын, Қарасу мектебінен Илина Құрманәлі мен Талғар ауданы Талдыбұлақ ауылындағы жайлы мектептен келген Тілеген Алмабекұлы II орын, Талғар ауданы Б.Момышұлы атындағы №35 мектеп-гимназиясынан Инжу Өксікбай, Тарған орта мектебінен Еркін Құдайбергелі және Үмбетәлі атындағы орта мектеп оқушысы Диас Нұрлан III орындарды алды.

Әділқазылар алқасында облыстық білім басқармасының бас маманы Мадияр Шарапов, айтыскер ақын Шорабек Айдаров, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері Айсұлу Қасымбек Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Халықаралық жыршы-термешілер одағының мүшесі, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері Өуелбек Ысқаков, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Марат Төтеев, Қарғалы №3 орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Елдар Еркінұлы, «Жас ұлан» оқушылар үйінің ұстазы Тұрсынғүл Тұқымбаева қатысушылардың өнерін бағалады.

Сарапшылар «Есенқұл оқулары» байқауы бекітілген ереже талаптарына сәйкес жоғары деңгейде өткенін атап өтті. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер ұйымдастырушылар тарапынан салтанатты жағдайда диплом және сыйлықтармен марапатталды.

Жамбыл ауданы

● БӘРЕКЕЛДІ!

Қос қуаныш



Қаскелең қаласындағы В. Белинский атындағы орта мектеп-гимназиясында бірден екі маңызды жаңалық болды: ағылшын тіліндегі театр ашылды және «Fashion Fab Lab» шығармашылық сән шеберханасы жұмысын бастады.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ —

Мектеп директоры Тұрсын Сайырованың айтуынша, жас әртістер түрлі қойылымдар дайындайтын болады, ал тігіншілер мен сәнерлер технология пәні мұғалімдері және ата-аналармен бірлесе отырып, оларға арналған костюмдер мен декорациялар әзірлейді, ал халықтың қолданбалы

өнерін дамытып, шеберлік сабақтарын өткізеді.

Шығармашылық шеберхананың ашылу салтанатына педагогика саласының ардагері, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Ұлтұсын Бархинова, Алматы қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектептері дербес білім беру ұйымының педагогикалық шеберлік орталығының директоры

Берік Асубаев және аудандық білім бөлімінің басшысы Әсел Еркімбаева қатысты.

«Fashion Fab Lab» аясында қонақтарға құрақ құрау және киіз басу бойынша шеберлік сабақтары көрсетілді. Оларды технология пәні мұғалімдері Айжан Жауар, Әсем Сәбитова және Ажар Семинтерова жүргізді. Мектептің мәжіліс залында жаңа театрдың жас әртістері дайындаған «Once upon a time» атты ертегілер әлеміне саяхат ұйымдастырылды.

Концерт бағдарламасын 7-сынып оқушылары ағылшын, орыс және қазақ тілдерінде орындады. Одан кейін тек ағылшын тіліндегі театрландырылған қойылымдар легі жалғасты. Сахнада өнер көрсеткендер – оқу жылының басынан бері ашылған халықаралық сыныбында білім алған оқушылар. Бұл күні мектеп сахнасында «Қызыл телпек», «Маугли», «Ақшақар және жеті гном», «Жоғалған мереке ісі», «Робин Гуд», «Күлбике» ертегілері жаңғырды. Кешті У. Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» шығармасынан алынған үзінді түйінделді.

Тұрсын Әділбекқызының айтуынша, бұл жұмыстардың барлығы «Адал азамат» және «Адал ұрпақ» тұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Сондай-ақ ол мектепте бұған дейін классикалық, қуыршақ және көлеңке театрлары ашылғанын атап өтті. Оларға репертуары тек ағылшын тіліндегі жаңа театр мен «Fashion Fab Lab» шеберханасы жақсы толықтыру болды.

Қарасай ауданы

● ДЕНСАУЛЫҚ

АИТВ-ны анықтайды

Адамның иммундық тапшылығы вирусымен (АИТВ) күресте заманауи медицина үлкен жетістіктерге жетті. Бүгінде бұл диагноз – үкім емес, бақылауға болатын, емі бар созылмалы ауру. Осы бақылаудың басты құралы – вирус жүктемесін (viral load) зертханада анықтау.

Вирус жүктемесі дегеніміз не?

Зертханалық тұрғыдан алғанда, вирус жүктемесі – бұл қан плазмасының 1 миллилитріндегі АИТВ РНҚ-сының (генетикалық материалының) көшірме саны. Бұл – көрсеткіш ағзада вирустың қаншалықты белсенді көбейіп жатқанын және иммундық жүйеге қандай салмақ түсіріп тұрғанын көрсететін ең дәл индикатор.

ПТР әдісі неге қолданылады?

Вирус жүктемесін анықтау үшін Полимеразды тізбекті реакция (ПТР) әдісі қолданылады. Бұл – молекулалық биологияның «алтын стандарты». ПТР-дың ерекшелігі – ол қандағы вирустың өте аз мөлшерін де тауып, оны арнайы ферменттер көмегімен миллиондаған есе көбейтеді. Бұл зертханашы мамандарға вирустың нақты санын есептеуге мүмкіндік береді.

Мониторинг не үшін қажет?

Тұрақты зертханалық бақылау бірнеше маңызды міндетті жүзеге асырады. Бірінші кезекте терапияның тиімділігін бағалайды. Антиретровирустық терапия (АРТ) басталғаннан кейін вирус жүктемесі төмендеуі тиіс. Егер көрсеткіштер азаймаса, бұл дәрі-дәрмектің дұрыс тандалмағанын немесе вирустың дәріге төзімділігін (резистенттілік) білдіруі мүмкін.

Резистенттіліктің алдын алуды қамтамасыз етеді. Егер науқас дәрі қабылдау режимін бұзса, вирус мутацияға ұшырап, ПТР талдауында жүктеме қайта көтеріле бастайды. Бұл дәрігерге емдеу схемасын уақытында өзгертуге белгі береді.

Жұқтыру қаупін нөлге түсіру жағдайына тоқталар болсақ, қазіргі медицинада «Анықталмайтын = Жұқтырылмайтын» (U=U) қағидасы бар. Егер зертханалық талдау нәтижесінде вирус жүктемесі анықталмайтын деңгейде болса (әдетте 50 көшірме/мл-ден төмен), онда бұл адам вирусты басқаларға жұқтыру қабілетінен айырылады.

Зертханалық мониторинг – адам өмірінің сапасы мен қауіпсіздігін кепілді. ПТР әдісі арқылы вирус жүктемесін тұрақты тексеріп отыру науқасқа өз денсаулығын толық бақылауда ұстауға, ал қоғамға АИТВ-ның таралуын тоқтатуға мүмкіндік береді. Заманауи зертхана вируспен күрестегі ең басты стратегиялық орталық саналады.

Аблай КЕРІМОВ,

Алматы облыстық ЖИТС орталығының зертхана маманы

● ЗДОРОВЬЕ

ВИЧ и семья

Диагноз ВИЧ по-прежнему вызывает страх, особенно когда речь заходит о семье. Многие думают, что ВИЧ ставит крест на браке, отношениях и рождении детей. Но современная медицина давно доказала, что ВИЧ и полноценная семейная жизнь совместимы.

ВИЧ – хроническое заболевание, которое успешно контролируется при регулярном приеме антиретровирусной терапии (АРТ).

Человек с ВИЧ может строить отношения, вступать в брак, иметь здоровых детей, жить долгой и активной жизнью. Главное условие – лечение и ответственность.

Люди с ВИЧ могут состоять в браке как с партнером, имеющим ВИЧ, так и с ВИЧ-отрицательным партнером (так называемые серодискордантные пары).

При регулярном приеме АРТ вирусная нагрузка становится неопределяемой, а это значит: ВИЧ не передается половым путем (принцип Н=Н – неопределяемый = не передающийся).

Один из самых частых страхов – «Смогу ли я родить здорового ребенка?» Да, можете. При соблюдении таких рекомендаций врачей, как женщина принимает АРТ во время беременности, проводится профилактика передачи вируса, ребенок рождается после рождения. Риск передачи ВИЧ ребенку менее 1 %.

Сегодня тысячи ВИЧ-положительных родителей воспитывают абсолютно здоровых детей.

Очень важно помнить: ВИЧ – это диагноз, а не характеристика человека. Самые сложные проблемы, с которыми сталкиваются семьи, это – страх, чувство вины, стигматизация, давление со стороны общества.

Поддержка близких, достоверная информация и помощь специалистов помогают сохранить психологическое здоровье и гармонию в семье.

Семья, в которой есть ВИЧ, это – регулярные обследования, прием терапии, совместная ответственность, забота друг о друге.

Современная медицина, любовь, поддержка и осознанный подход позволяют людям с ВИЧ жить полноценной семейной жизнью, воспитывать детей и смотреть в будущее с уверенностью.

Гүлзияр ОСМАНОВА,

врач-инфекционист Алматинского областного центра СПИД

16.03.2026 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде БЭП ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қонаев қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысындағы жерлерде орналасқан «Алаш-Тау» құрылыс тасы кен орнының Блок-І, Блок-ІІ, Блок-ІІІ жер қойнауын пайдалану салдарын жою жоспарларына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Алаш-Тау» ЖШС, мекенжайы: Алматы облысы Қонаев қаласы, ш/а.12 «А», 65 «А» үй. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҮДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 16.03.2026 г. в течение 10 рабочих дней на сайте ЕЭП ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделам «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации последствий недропользования на месторождении строительного камня «Алаш-Тау» Блок-І, Блок-ІІ, Блок-ІІІ, расположенные на землях административно-территориального подчинения г. Қонаев Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Алаш-Тау», адрес: Алматинская область, г.Қонаев, мкр.12 «А», д.65 «А», тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

10.04.2026 жылы, сағат 11:00-де Алматы облысы Қонаев қаласы Жамбыл көшесі, 13 мекенжайында «Алматы облысы Қонаев қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысындағы жерлерде орналасқан «Алаш-Тау» кен орнының Блок-І, Блок-ІІ, Блок-ІІІ құрылыс тасын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарлары» жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Зум видео-конференцияға қосылу сілтемесі: конференция идентификаторы: 752 5658 5269, қатынау коды: 9NUnYM.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Алаш-Тау» ЖШС, мекенжайы: Алматы облысы Қонаев қаласы, ш/а.12 «А», 65 «А» үй. Тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҮДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

10.04.2026 г. в 11:00 часов, по адресу: Алматинская область г.Қонаев, ул.Жамбыла, 13 будут проводиться общественные слушания по проектам «Планы горных работ по добыче строительного камня на месторождении «Алаш-Тау» Блок-І, Блок-ІІ, Блок-ІІІ, расположенные на землях административно-территориального подчинения г.Қонаев Алматинской области».

Ссылка на подключение Зум видео-конференции: идентификатор конференции: 752 5658 5269, код доступа: 9NUnYM.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Алаш-Тау», адрес: Алматинская область, г.Қонаев, мкр.12 «А», д.65 «А», тел: 87015454238, m.assainova@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz.

Разработчик экологического проекта: ИП «Курманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

Бас редактор:
Қуаныш ТҮНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҰРДИЕВ 8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБҮТӨЛІПОВ 8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарсын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.
Тапсырыс – 208

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823.
Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Гүлзат БАЙҚОНЫС